

Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Астана қ.

№05-18

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын "Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Жарғы негізінде әрекет ететін Бас директор Булатбеков Боранбай Нигметулы атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын "ТД Универсал Сервис" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Жарғының негізінде әрекет ететін Директоры Филиппи Александр Владимирович атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар, 39-бабы 3-тармағының 42) тармақшасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң), «Тікелей шарт тұжырымы бір дерекөздерден» мемлекеттік сатып алудың тәсілі негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ:

- 1) осы Шарт;
- 2) сатып алынатын тауарлар тізімі (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 6 194 652.80 (алты миллион жүз тоқсан төрт мың алты жүз елу екі тенге сексен тиын)) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды, оның ішінде ҚҚС 663 712.80 тенге (алты жүз алпыс үш мың жеті жүз он екі тенге сексен тиын) (бұдан әрі - Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Жеткізілген Тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарларды қабылдап алу-беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару іс жүзінде арқылы жүргізеді

2.3 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.

2.4 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар

- 1) қол қойылған Шарт;



2) жүкқұжат

3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері);

4) Қағидаларға 22-4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамтудың үлесі бойынша есеп (шарттық міндеттемелер толық орындалғаннан кейін ұсынылады);

5) Өнім беруші Тапсырыс берушіге берген, жеткізілген тауарлардың сипаттамасымен, санын, бірлік бағасын және жалпы сомасын көрсете отырып, шот-фактура;

3 Тараптардың міндеттемелері

3.1 Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін қамтамасыз етуге;

3) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуді. Орауыш қандай да бір шектеусіз қарқынды жүктеу-тасымалдау өңдеуі мен экстремалды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстылығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;

4) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

6) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

7) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

8) электрондық-цифрлық қолтаңбамен бекітілген тауарларды қабылдау-беру актісін ресімдеуге және Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы жіберуге

9) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық нысанда жазып берілетін шот-фактуралардың құжат айналымының қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді



3.2 Өнім беруші:

- 1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;
- 2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

3.3 Тапсырыс беруші:

- 1) Тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;
- 2) Тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;
- 3) Тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 426-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдамаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып қабылдаудан бас тартуға;
- 4) тауарды (тауарларды) қабылдау-беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық нысанда жазып берілетін шот-фактуралардың құжат айналымының қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;
- 5) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

3.4 Тапсырыс беруші:

- 1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге;
- 2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 5 жұмыс күні ішінде қолданады.



4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті мақсат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5 Тауарларды жеткізу және құжаттама

5.1 Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:

1) жүкқұжат түпнұсқасы 2 дана;

2) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе Тауардың техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері

3) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі

4) Дайындаушының немесе Жеткізушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты

5.2 емесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты кінәраттарды қабылдайды.

5.3 Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

5.4 Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

6 Кепілдік. Сапа

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес келетініне (МЕМСТ, СТ,



ЖСТ, ТУ, техникалық регламент және т.б.);

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2 Тауардың сатып алынатын тауарлар тізбесіне және осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес толық жеткізілмегені анықталған немесе жеткізілген Тауарда ораманы ашу кезінде жасырын қандай да бір зауыт ақаулары анықталған жағдайда немесе егер Тауар сапасы техникалық дайындау талаптарына толық сәйкес келмесе, Тапсырыс беруші жиырма күндік мерзімде жарнамалық акті жасайды, ал Өнім беруші 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде өз есебінен Тауарды жаңасына ауыстырады.

6.3 Жеткізілетін Тауардың кепілді кезең Тауар Тапсырыс берушінің қоймасына түскен күннен бастап 12 (он екі) күнтізбелік ай деп белгіленеді. Ауыстырылған немесе жөнделген Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен бастап басталады. Тауар ақауларын жою, ауыстыру бойынша, оның ішінде кедендік тазалауға байланысты барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюда іркіліс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда кепілдік беру мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылатын болады.

7 Тараптардың жауапкершілігі

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, бір айдан аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген



міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары

8.1 Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2018-12-31 дейін қолданылады.

8.2 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

8.4 Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс:

1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуының анықталуы;

2) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Өнім берушіге Заңда көзделмеген қолдауды көрсету;

3) уәкілетті орган міндеттемелері тиісінше орындалған шарттарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасы бұзыла отырып Шарт жасасу фактісінің анықтауы;

8.5 Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда оны тараптардың келісімі бойынша бұзуға болады.

Шарт жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты жойылған кезде Өнім беруші Шарт бойынша бұзылуға байланысты бұзылған күнге іс жүзіндегі шығындар үшін ақы талап етуге құқылы болады.

9 Хабарлама



9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

10 Форс-мажор

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

11 Даулы мәселелерді шешу

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

12 Өзге де шарттар

12.1 Салықтар мен бюджетке басқа міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

12.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

12.3 . Өнім берушінің таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі шарты мен басқа да шарттарда жасалған Шартқа өзгерістерді енгізуге:

1) Шартта жеткізілген Тауарлардың бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында жеткізілетін Тауарлар көлемінде қажеттіліктің азаюымен не ұлғаюымен байланысты Шарт сомасының азаюы не ұлғаюы бөлігінде;

2) егер Өнім беруші онымен жасасқан Шартты орындау үдерісінде тауар бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында онымен жасасқан Шарттың мәні болып табылған жеткізілетін



тауардың анағұрлым жақсы сапалы және (немесе) техникалық сипаттамасын не мерзімін және (немесе) талаптарын ұсынған жағдайда

3) Тауарлардың бағасын және тиісінше Шарт сомасының азаюы бөлігінде Тараптардың өзара келісімі бойынша;

4) егер Өнім беруші жеткізілетін тауардың өндірушісі болып табылған жағдайда Тауар жеткізу туралы шарттың орындалу мерзімі өзгерген бөлігінде рұқсат беріледі.

12.4 Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен жол беріледі.

12.5 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

12.6 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:

"Астана Тазалық" жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі
г.Астана, Ақжол, 28
БСН 080940019334
БСК KZKOKZKX
ЖСК KZ799261501162240000
"КАЗКОММЕРЦБАНК" АҚ
Тел.: 8 /7172/ 54 60 78
Бас директор Булатбеков Боранбай
Нигметулы

Өнім беруші:

"ТД Универсал Сервис" жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі
г.Астана, ШОССЕ ВИШНЕВСКОЕ, 10
БСН/ЖСН 120840008484
БСК SABRKZKA
ЖСК KZ64914398416BC09281
«Жинақ банкі» АҚ ЕБ
Тел.: 87777884777
Директоры Филиппи Александр
Владимирович

Аббревиатураларды таратып жазу:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
БСК – банктік сәйкестендіру коды;
ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;
ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;
ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;
ТЕН – төлеушіні есепке алу нөмірі;
ҚҚС – қосылған құн салығы;
Т.А.Ә. – тегі аты әкесінің аты



Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №:

Электрондық конкурстың атауы: Решение о проведении государственных закупок

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, соның ішінде ҚҚС, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орындар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, соның ішінде ҚҚС, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
	"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Тяга	рулевая, для специального и специализированного автомобиля, продольная	Рульдік орталық тартқыш жинақ Амкадор-37	Дана	2	50 590.40	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, Ақжол көшесі, 28 (2)	0	101 180.80
	"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Фара	правая, передняя, для специального и специализированного автомобиля	Блок-фара05.479.000	Дана	2	33 600.00	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Ақжол к., 28 (2)	0	67 200.00



"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Вал червячный	бу турбина үшін	ГС 14.02 2004 г.в. Автогрейдерге ж/дөнгелек бұрамдық білігі	Дана	1	127 680.00	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Ақжол к., 28 (1)	0	127 680.00
"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Жетекші доңғалақтың тәжі	арнайы және мамандандырылған техника үшін	Бұрылыс шеңберінің тәжі ГС-14.02	Дана	1	241 472.00	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Ақжол к., 28 (1)	0	241 472.00
"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Камера тормозная	жүк автомобилі үшін	Дөңгелек тежегіштерінің гидро пневмоаккумуляторы А - 122Б	Дана	2	90 227.20	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Ақжол к., 28 (2)	0	180 454.40
"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Гидроцилиндр	арнайы және мамандандырылған автомобиль үшін	Қайырма бұрылыс бұрышының өзгеріс гидроцилиндрі ГС 14.02	Дана	2	128 822.40	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Ақжол к., 28 (2)	0	257 644.80
"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Гидроцилиндр	арнайы және мамандандырылған автомобиль үшін	"Кирковщик көтеру гидроцилиндрі Автогрейдер А-122 2007 ж.ш. "	Дана	1	100 800.00	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Ақжол к., 28 (1)	0	100 800.00
"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Гидроцилиндр	арнайы және мамандандырылған автомобиль үшін	Алдыңғы күрек көтеру гидроцилиндрі А-122Б	Дана	2	67 748.80	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Ақжол к., 28 (2)	0	135 497.60
"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Гильза цилиндра	трактор үшін	Гильзалар ДВС Cummins 47202-3005	Дана	2	78 993.60	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Ақжол к., 28 (2)	0	157 987.20



"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Головка	для подвижного состава, для штока тормозного цилиндра	ГС 14.02 2004 г.в. Автогрейдерге соташык-қақпақ бастиегі	Дана	10	22 400.00	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Ақжол к., 28 (10)	0	224 000.00
"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Прокладка	ішкі жану қозғалтқыштарына арналған, арнайы және мамандандырылған автомобиль үшін	Төсеме жиынтығы ДВС А-122Б	Дана	2	90 249.60	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Ақжол к., 28 (2)	0	180 499.20
"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Диск	для специального и специализированного автомобиля, нажимной	Ілінісу себеті Д-260.14	Дана	1	84 179.20	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Ақжол к., 28 (1)	0	84 179.20
"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Крестовина	карданды, мамандандырылған автокөлік үшін	Кардан білігінің айқаспасы - А-122Б	Дана	1	68 196.80	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Ақжол к., 28 (1)	0	68 196.80
"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Крестовина	карданды, мамандандырылған автокөлік үшін	Кардан білігінің айқаспасы ГС-14.02	Дана	1	33 600.00	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Ақжол к., 28 (1)	0	33 600.00
"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Натяжитель ремня	генератордың тартпасы, арнайы және мамандандырылған жүк көтергіш техникаға арналған	А-122Б 2007г.в. Автогрейдерге Белдік тартқышы	Дана	6	24 640.00	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Ақжол к., 28 (6)	0	147 840.00
"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Шатундық саусақ	ұшаққа техникалық қызмет көрсету техникасына арналған	Негізгі рама сұққысы шарлы А-122Б	Дана	2	78 344.00	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Ақжол к., 28 (2)	0	156 688.00



"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Жалғастырғыш	вала привод, таратқыш қорабы үшін, жүк автомобилі үшін	Пластина 4203837(сцепление) на автогрейдер А-122Б 2007 г.в.	Дана	1	190 400.00	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Ақжол к., 28 (1)	0	190 400.00
"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Поршневая группа	для дизельного двигателя, для спецтехники, мощность не более 240 л.с., в комплекте гильзы, поршни, поршневые кольца, уплотнители колец	Поршневые кольца на автогрейдер А-122 2007 г.в.	Комплект	18	9 856.00	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Ақжол к., 28 (18)	0	177 408.00
"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Распылитель	форсунки, для грузового автомобиля	Форсунка бүріккіші А-122	Дана	24	6 720.00	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Ақжол к., 28 (24)	0	161 280.00
"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Ремень	для грузового автомобиля/спецтехники, привода генератора	Белдік 1614 8 ағынды А-122Б	Дана	20	10 304.00	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Ақжол к., 28 (20)	0	206 080.00
"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Цапфа	алдыңғы, арнайы және мамандандырылған автомобиль үшін	Алдыңғы балка иінтірегі (шетмойны) (сол, оң) ГС-14.02	Дана	2	80 752.00	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Ақжол к., 28 (2)	0	161 504.00
"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Сигнал	звуковой, для специального и специализированного автомобиля	Дыбыстық сигнал А-122Б	Дана	2	4 737.60	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Ақжол к., 28 (2)	0	9 475.20



"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Шатун	ішкі жану қозғалтқышына арналған	А-122Б 2007г.в. Автогрейдерге Бұрылыс жұдырықшасының сақинасы	Дана	2	101 920.00	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Ақжол к., 28 (2)	0	203 840.00
"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Вал промежуточный	жыланбауыр көлікке арналған	Транспортер төменгі білігі.і Амкадор 37	Дана	1	168 000.00	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, Ақжол көшесі, 28 (1)	0	168 000.00
"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Вал	для коробки отбора мощности, для спецтехники	Транспортер жетек білігі жинақ Амкадор-37 қар артқыш	Дана	1	213 528.00	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, Ақжол көшесі, 28 (1)	0	213 528.00
"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Астар	иінді білік, арнайы және мамандандырылған техника үшін, азу	Д-245 Ішпектер түпкі Н2 Амкадор-37	Дана	2	11 244.80	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, Ақжол көшесі, 28 (2)	0	22 489.60
"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Вкладыш	коленчатого вала, для специальной и специализированной техники, шатунный	Д-245 Ішпек шатун Н1 Амкадор-37	Дана	2	11 200.00	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, Ақжол көшесі, 28 (2)	0	22 400.00



"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Гидромотор	шестеренный, с внешним зацеплением, одинарный, частота вращения 600 об/мин	гидромотор 310.3.56.00.06ТУ 22-1.020-100-95 қар артқыш Амкадор 37	Дана	1	168 000.00	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, Ақжол көшесі, 28 (1)	0	168 000.00
"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Гидрораспределитель	арнайы және мамандандырылған автомобиль үшін	КО-206 Гидротаратқыш 2 секциялы Р80-3/1-22	Дана	1	102 480.00	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, Ақжол көшесі, 28 (1)	0	102 480.00
"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Гидрораспределитель	арнайы және мамандандырылған автомобиль үшін	Гидротаратқыш Амкадор 37	Дана	1	213 920.00	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, Ақжол көшесі, 28 (1)	0	213 920.00
"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Гидроцилиндр	арнайы және мамандандырылған техника үшін	гидроцилиндр Амкадор 37	Дана	1	88 480.00	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, Ақжол көшесі, 28 (1)	0	88 480.00
"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Гидроцилиндр	арнайы және мамандандырылған автомобиль үшін	Дөңгелек бұрылысы гидроцилиндри Амкадор-37	Дана	1	143 136.00	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, Ақжол көшесі, 28 (1)	0	143 136.00



"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Гидроцилиндр	арнайы және мамандандырылған автомобиль үшін	Қоректендіргіш көтергішінің гидроцилиндрі КО-206А	Дана	1	99 724.80	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, Ақжол көшесі, 28 (1)	0	99 724.80
"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Гидроцилиндр	арнайы және мамандандырылған автомобиль үшін	Қауға көтергішінің гидроцилиндрі КО-206А	Дана	1	134 758.40	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, Ақжол көшесі, 28 (1)	0	134 758.40
"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Гидроцилиндр	арнайы және мамандандырылған автомобиль үшін	Транспортёр көтергішінің гидроцилиндрі КО-206А	Дана	1	157 516.80	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, Ақжол көшесі, 28 (1)	0	157 516.80
"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Вал	трансмиссионный, чугунный, с двусторонними ступенями и цилиндрическими поверхностями	Тартқыш жұлдызшасы	Дана	1	38 080.00	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, Ақжол көшесі, 28 (1)	0	38 080.00
"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Вал	карданный, телескопический, с двумя карданными шарнирами равных угловых скоростей, с защитным кожухом, ГОСТ 13758-89	Артқы мост жетек карданы	Дана	1	70 560.00	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, Ақжол көшесі, 28 (1)	0	70 560.00



"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Вал	карданный, телескопический, с двумя карданными шарнирами равных угловых скоростей, с защитным кожухом, ГОСТ 13758-89	Қоректендіру жетегінің карданы, жылжымалы КО -206 А	Дана	1	108 640.00	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, Ақжол көшесі, 28 (1)	0	108 640.00
"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Кожух	для дизельного двигателя, сцепления	Лінісу қаптамасы МТЗ КПП Зил	Дана	1	159 040.00	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, Ақжол көшесі, 28 (1)	0	159 040.00
"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Редуктор	для подвижного состава, промежуточный	КО-206 1998 ж.ш. қар артқышы аралық редуктор	Дана	2	44 800.00	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, Ақжол көшесі, 28 (2)	0	89 600.00
"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Трос	бөлгіштің, жүк автомобилі үшін	ZL-50 УТО 2008 ж.ш. Фронтальді артқыш Басқару арқансымы ГМП L=2050mm CDM855	Дана	5	26 880.00	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, Ақжол көшесі, 28 (5)	0	134 400.00
"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Вал	иілгіш спидметр, арнайы және мамандандырылған автомобиль үшін	2015 ж.ш. Амкодор қар артқышына арналған қашықтықтан басқару арқаны	Дана	10	8 624.00	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, Ақжол көшесі, 28 (10)	0	86 240.00



"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Вал	иілгіш спидметр, арнайы және мамандандырылған автомобиль үшін	L = 2500mm (Серия 180, ход сердечника - 75 mm	Дана	6	16 240.00	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, Ақжол көшесі, 28 (6)	0	97 440.00
"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Трос	бөлгіштің, жүк автомобилі үшін	Амкадор 37 2015 ж.ш. қар артқышы Арқансым МПУ-1.10.09.450	Дана	2	26 880.00	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Астана қаласы, Ақжол көшесі, 28 (2)	0	53 760.00
"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Шатун	ішкі жану қозғалтқышына арналған	ГС 14.02 2004г.в. Автогрейдерге Бұрылыс жұдырықшасының сақинасы	Дана	2	90 720.00	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Ақжол к., 28 (2)	0	181 440.00
"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Насос	для дизельного двигателя, топливный	ТННД на автогрейдер А-122Б 2007 г.в.	Дана	4	30 240.00	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Ақжол к., 28 (4)	0	120 960.00
"Астана Тазалық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Шкворень	арнайы және мамандандырылған автомобиль үшін	Тіреу мойынтіректі шүберін А-122Б жинақ	Дана	4	36 288.00	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша, 15 күнтізбелік күн	Астана қ., Алматы ауданы Ақжол к., 28 (4)	0	145 152.00



Договор о государственных закупках товаров

г.Астана

№05-18

Товарищество с ограниченной ответственностью "Астана Тазалык", именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», от лица которого выступает Генеральный директор Булатбеков Боранбай Нигметулы, действующий на основании Устава, с одной стороны и Товарищество с ограниченной ответственностью "ТД Универсал Сервис", именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Поставщик», от лица которого выступает Директор Филиппи Александр Владимирович, действующий на основании Устава, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании пп.42) п.3 ст.39 Закона Республики Казахстан от 4 декабря 2015 года «О государственных закупках» (далее - Закон), государственных закупок способом «Из одного источника путем прямого заключения договора» заключили настоящий договор о государственных закупках товаров (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

1 Предмет договора

1.1 Поставщик обязуется поставить Товар согласно условиям, требованиям и по ценам, указанным в приложениях к настоящему Договору, являющихся неотъемлемой его частью, а Заказчик обязуется принять Товар и оплатить за него на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору.

1.2 Перечисленные ниже документы и условия, оговоренные в них, образуют данный Договор и считаются его неотъемлемой частью, а именно:

- 1) настоящий Договор;
- 2) перечень закупаемых товаров (Приложение 1);
- 3) техническая спецификация (Приложение 2).

2 Сумма Договора и условия оплаты

